<p>6.1.11. Егер Кредитті мерзімінен бұрын ішінара өтеуге бағытталған Өтеу кестесіне сәйкес 2 (екі) ай сайынғы төлемдерден кем болса, Қарыз алушыға Кредитті ішінара мерзімінен бұрын өтеуден бас тартуға;</p>	<p>6.1.11. Отказать Заемщику в частичном досрочном погашении Кредита, в случае, если сумма денег, направляемая в счет частичного досрочного погашения Кредита составляет менее 2 (двух) ежемесячных платежей согласно Графику погашения;</p>
<p>6.1.12. Банк жұмылдырған ресурстарды қалыптастыру шарттары өзгерген жағдайда Банк қаржыландыруды ресімдеудің кез келген сатысында және жасалған шарттардың/келісімдердің, оның ішінде осы Шарттың және/немесе Кредитті ұсыну туралы шарттың бар болуына қарамастан біржақты тәртіпте кредит қаражатын беруден (кредит беруден) бас тартуға немесе Кредит беруді белгісіз мерзімге тоқтата тұруға құқылы.</p>	<p>6.1.12. Банк на любой стадии оформления финансирования и вне зависимости от наличия заключенных договоров/соглашений, включая настоящий Договор и/или Договор о предоставлении кредита, вправе в одностороннем порядке отказать в предоставлении кредитных средств (выдаче кредита) или приостановить на неопределенное время выдачу Кредита без дополнительного уведомления в случае изменений условий формирования ресурсов, привлекаемых Банком.</p>

<p>6.1.12. Біржақты тәртіпте Шарт талаптарын Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңның 34 бабының 3 тармағында қарастырылған жағдайларда Қарыз алушы үшін жақсарту жағына өзгерту, сонымен қатар Шартта белгіленген, Шарттың 10 бабында қарастырылған тәртіпте. Осы Шарттың мақсаттары үшін Қарыз алушы үшін жақсарту деп түсініледі:</p> <p>Кредитке қызмет көрсетуге байланысты қызмет көрсеткені үшін комиссияны және өзге төлемдерді азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;</p> <p>Айып төлемді (өсімпұл, айыппұлдар) азайту жағына өзгерту немесе толық алып тастау;</p> <p>Кредитті пайдаланғаны үшін Сыйақа мөлшерлемесін азайту жағына өзгерту немесе азайту жағына уақытша өзгерту;</p> <p>Кредит бойынша төлем мерзімін кейінге қалдыру және (немесе) төлемді бөліп төлеу;</p> <p>Сыйақы мөлшерлемесін азайту жағына уақытша өзгерту деп Банктің тиісті хабарламасында көрсетілген мерзімге Сыйақы мөлшерлемесін төмендету түсініледі, ол мерзімі өтіп кеткеннен кейін Сыйақы уақытша өзгерткенге дейін қолданыста болған Сыйақы мөлшерлемесінен аспайтын мөлшерде белгіленеді.</p>	<p>6.1.12. В одностороннем порядке изменять условия Договора в сторону их улучшения для Заемщика в случаях, предусмотренных пунктом 3 статьи 34 Закон Республики Казахстан от 31 августа 1995 года № 2444 «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан», а также установленных в Договоре, в порядке, предусмотренном в статье 10 Договора. Для целей настоящего пункта Договора под улучшением условий для Заемщика понимаются:</p> <p>Изменение в сторону уменьшения или полная отмена комиссий и иных платежей за оказание услуг, связанных с обслуживанием Кредита;</p> <p>Изменение в сторону уменьшения или полная отмена неустойки (штрафа, пени);</p> <p>Изменение в сторону уменьшения или временное изменение в сторону уменьшения ставки Вознаграждения за пользование Кредитом;</p> <p>Отсрочка и (или) рассрочка платежей по Кредиту;</p> <p>Под временным изменением ставки Вознаграждения в сторону уменьшения понимается снижение ставки Вознаграждения на срок, указанный в соответствующем уведомлении Банка, по истечении которого ставка Вознаграждения устанавливается в размере, не превышающем размер ставки Вознаграждения, действовавший до временного изменения.</p>
<p>6.1.14. Осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген өзге құқықтарды пайдалануға.</p>	<p>6.1.14. Пользоваться иными правами, предусмотренными настоящим Договором банковского займа и Договором о предоставлении кредита</p>
<p>6.1.15. Қарыз алушының/ Қосалқы қарыз алушының жұмыс берушісін Қарыз алушының/ Қосалқы қарыз алушының Шарт міндеттемелерін орындамаған дерегі туралы хабардар ету.</p>	<p>6.1.15. Уведомлять работодателя Заемщика/Созаемщика о факте невыполнения Заемщиком/Созаемщиком обязательства по Договору.</p>
<p><u>6.2. Қарыз алушы құқылы:</u></p>	<p><u>6.2. Заемщик вправе:</u></p>
<p>6.2.1. Банкке Кредитті (оның бөлігін) мерзімінен бұрын өтеу туралы жазбаша өтінішті 2 (екі) жұмыс күні бұрын бағыттаған және қажет болған кезде, Тараптардың Өтеу кестесіне өзгерістерді енгізген жағдайларда, Қарыз алушы Банктік қарыз шарты және Кредит беру туралы шарт бойынша төлейтін комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге</p>	<p>6.2.1. Досрочно погашать Кредит в соответствии с условиями настоящего Договора банковского займа и Договора о предоставлении кредита, в том числе, в случаях, предусмотренных настоящим Договором банковского займа и Договором о предоставлении кредита, с уплатой Банку комиссии (в случае взимания) и иных</p>

<p>төлемдерді, осы Банктік қарыз шартының және Кредитті ұсыну туралы шартының талаптарына сәйкес, соның ішінде осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген жағдайларда, Кредитті мерзімінен бұрын өтеуге. Бұл ретте Кредитті мерзімінен бұрын өтеуге бағытталған ақша сомасы Өтеу кестесіне сәйкес 2 (екі) ай сайынғы төлемнен кем болмауы тиіс.</p>	<p>платежей, подлежащих оплате Заемщиком по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита при условии направления Банку письменного заявления о досрочном погашении Кредита (его части) за 2 (два) рабочих дня и, при необходимости, внесения Сторонами изменений в График погашения. При этом, сумма денег, направляемая в счет частичного досрочного погашения Кредита должна составлять не менее 2 (двух) ежемесячных платежей согласно Графику погашения.</p>
<p>6.2.2. Кредитті ұсыну туралы шартты жасау күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күні ішінде Кредитті қайтаруы үшін, тұрақсыздық төлемін және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз осы Банктік қарыз шартының 6.2.1. т. талаптарын есепке ала отырып, ұсыну күнінен Банкпен есептелген, сыйақыны, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді төлеумен Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген тәртіппен Банкке Кредитті қайтаруға.</p>	<p>6.2.2. В течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты заключения Договора о предоставлении кредита, возвратить Кредит Банку в порядке, предусмотренном Договором о предоставлении кредита с оплатой Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, начисленных Банком с даты предоставления, с учетом требований п. 6.2.1. настоящего Договора банковского займа без уплаты неустойки и других видов штрафных санкций за возврат Кредита.</p>
<p>6.2.3. Егер Кредитті немесе Сыйақыны немесе комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді өтеу күні демалыс немесе мерекелік күнге келген жағдайда, Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген тәртіппен тұрақсыздық төлемдерін (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін төлеусіз одан кейінгі жұмыс күні Сыйақыны немесе Кредитті төлеуді жүргізуге. Осы тармақшаның ережесі Қарыз алушымен Кредитті немесе Сыйақыны өтеуді көрсетілген мерзімде жасамаған кезде қолданылмайды, бұл ретте Банк Қарыз алушы Кредитті немесе Сыйақыны өтеудің мерзімін өткізген күннен бастап, соның ішінде және демалыс күні үшін Сыйақыны, тұрақсыздық төлемін және айыппұл санкцияларының өзге түрлерін есептеуге құқылы.</p>	<p>6.2.3. В случае, если дата погашения Кредита или Вознаграждения или комиссии (в случае взимания) и иных платежей выпадает на выходной либо праздничный день, произвести оплату Вознаграждения или Кредита в следующий за ним рабочий день без уплаты неустойки (штрафов, пени) и иных видов штрафных санкций в порядке, предусмотренном Договором о предоставлении кредита. Положение настоящего подпункта не применяется при не совершении Заемщиком погашения Кредита или Вознаграждения в указанный срок, при этом Банк вправе начислять Вознаграждение, неустойку и иные виды штрафных санкций, начиная с даты просрочки Заемщиком погашения Кредита или Вознаграждения, в том числе и за выходной день.</p>
<p>6.2.4. Кредитті ұсыну туралы шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерінде Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша борышты өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны (Кредит, Сыйақы, комиссиялар</p>	<p>6.2.4. В порядке и сроки, установленные Договором о предоставлении кредита, получать информацию о распределении (на сумму Кредита, Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, неустойки,</p>

(алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді , тұрақсыздық төлемдердің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомаларына және төлеуге жататын басқа сомаларға) бөлу туралы ақпаратты алуға.	штрафов, пени и других подлежащих уплате сумм) очередных поступающих денег в счет погашения долга по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита.
6.2.5. Кредитті ұсыну туралы шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерінде мыналар туралы мәліметтерді алуға: мерзімі өткен төлемдерді көрсетіп, Кредит, Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді , тұрақсыздық төлемдердің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомаларына және төлеуге жататын басқа сомаларға бөліп, қайтаруға тиесілі сомалардың мөлшері туралы.	6.2.5. В порядке и сроки, установленные Договором о предоставлении кредита получать сведения: о размере причитающейся к возврату суммы с разбивкой на сумму Кредита, Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, неустойки, штрафов, пени и других подлежащих уплате сумм с указанием просроченных платежей.
6.2.6. Кредитті пайдаланған күндердің нақты санына, Кредит сомасына есептелген Сыйақыны төлеумен мерзімінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеусіз, бір жылға дейінгі мерзімге берілген Кредитті Кредит алған күннен бастап 6 (алты) ай өткеннен кейін, ал 1 (бір) жылдан асатын мерзімге берілген кредитті бір жыл өткен соң ішінара немесе толық көлемінде мерзімінен бұрын өтеуге. Қарыз алушының кредитті тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге де түрлерін төлеусіз мерзімінен бұрын өтейтін кезеңі Шартта белгіленген.	6.2.6. Досрочно погашать Кредит частично или в полном объеме по истечении 6 (шести) месяцев с даты получения Кредита, выданного на срок до одного года, по истечении одного года с даты получения Кредита, выданного на срок свыше 1 (одного года), без оплаты неустойки или иных видов штрафных санкций за досрочное погашение с уплатой начисленного Вознаграждения на сумму Кредита, за фактическое количество дней пользования Кредитом. Период для досрочного погашения Заемщиком кредита без оплаты неустойки или иных видов штрафных санкций, установлен Договором, с уплатой начисленного Вознаграждения на сумму Кредита, за фактическое количество дней пользования Кредитом.
6.2.7. Даулы жағдайлар туындаған кезде, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген тәртіппен және мерзімде Банкке жазбаша жүгінуге.	6.2.7. Письменно обратиться в Банк при возникновении спорных ситуаций в порядке и сроке, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и Договором о предоставлении кредита.
6.2.8. Ипотекалық баспана қарызын алғанда – міндеттемелердің орындалмағаны туралы тапсырысты хат тапсырылған немесе жолданған сәттен бастап жиырма бес күнтізбелік күн ішінде Қамтамасыз ету туралы шарт тіркелуден өткен органда тіркелген Қамтамасыз етуді соттан тыс тәртіпте өткізу жүргізуден жазбаша бас тартуды ұсынуға.	6.2.8. При получении ипотечного жилищного займа - представить в течение двадцати пяти календарных дней с момента вручения или отправки заказным письмом уведомления о невыполнении обязательств письменный отказ от проведения реализации Обеспечения во внесудебном порядке, зарегистрированный в органе, где был зарегистрирован Договор об обеспечении
6.2.9. Ипотекалық қарыз алған кезде – Интернет желісіндегі www.vtb-bank.kz мекен-жайында көрсетілген Банк сайтындағы деректемелер бойынша Шарттан	6.2.9. При получении ипотечного займа - обратиться к банковскому омбудсману по реквизитам, указанным на сайте Банка в сети Интернет по адресу:

және/немесе Кредитті ұсыну туралы шарттан туындаған келіспеушіліктерді Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте реттеу үшін банкілік омбудсманға жүгінуге.	www.vtb-bank.kz, для урегулирования разногласий, возникающих из Договора и/или Договора о предоставлении кредита), в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.
6.2.10. Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге құқықтарды пайдалануға.	6.2.10. Пользоваться иными правами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.
6.2.11. Қарыз алушы үшін жақсарту жағына Шарттың талаптарын өзгерту туралы хабарламаны алған күннен бастап күнтізбелік 14 (он төрт) күннің ішінде Банкке тиісті жазбаша хабарлама жіберу арқылы Банк ұсынған жақсарту талаптарынан бас тартуға. Бұл ретте, Банк Қарыз алушыдан Шарттың осы тармағында белгіленген мұндай бас тартудың мерзімі өткен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн өткеннен кейін Шарттың талаптарын жақсарту жағына қарай өзгертуден бас тарту туралы жазбаша хабарламаны алмаған жағдайда, Шарттың талаптары Тараптармен өзгерген болып танылады.	6.2.11. В течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты получения уведомления об изменении условий Договора в сторону их улучшения для Заемщика, отказаться от предложенных Банком улучшающих условий путем направления в Банк соответствующего письменного уведомления. При этом, условия Договора будут признаны Сторонами измененными в случае не получения Банком письменного уведомления Заемщика об отказе от изменения условий Договора в сторону их улучшения по истечении 3 (трех) рабочих дней с даты истечения срока такого отказа, установленного в настоящем пункте Договора.
7. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ	7. ОБЯЗАННОСТИ СТОРОН
<u>7.1. Банк міндеттенеді:</u>	<u>7.1. Банк обязуется:</u>
7.1.1. Кредитті ұсыну туралы шартында ескерілген сомада, мерзімдерде, бірақ мына күндерден ерте емес және осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында ескерілген талаптарда Кредитті ұсынуға:	7.1.1. Предоставить Кредит в сумме, в сроки, оговоренные Договором о предоставлении кредита и на условиях, оговоренных настоящим Договором банковского займа и Договором о предоставлении кредита, но не ранее даты:
<ul style="list-style-type: none"> Қарыз алушы/Кепілгер (болған кезде) Кредитті беру үшін қажетті құжаттардың толық пакетін ұсынған, ал Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген жағдайларда – Банктің талаптарына сәйкес рәсімделген Қамтамасыз етуді қабылдаған; 	<ul style="list-style-type: none"> предоставления Заемщиком/Гарантом (при наличии)/Залогодателем полного пакета документов, необходимых для выдачи Кредита, а в случаях, предусмотренных Договором о предоставлении кредита, - принятия Обеспечения, оформленного в соответствии с требованиями Банка;
<ul style="list-style-type: none"> Кредитті ұсыну күніне Қарыз алушының/Кепілгердің (болған кезде) тарапынан Банк алдында міндеттемелерін орындамау жағдайлары болмаған; 	<ul style="list-style-type: none"> на дату предоставления Кредита отсутствуют случаи неисполнения обязанностей перед Банком со стороны Заемщика /Гаранта (при наличии);
7.1.2. Кредитті ұсыну туралы шартты жасау күнінен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде тұрақсыздық төлемдерді және айыппұл санцияларының өзге түрлерін ұстаусыз, Кредитті ұсыну туралы шартында белгіленген тәртіппен және талаптарында Қарыз алушыдан Кредитті қабылдауға.	7.1.2. В течение 14 (четырнадцати) календарных дней с даты заключения Договора о предоставлении кредита принять Кредит от Заемщика в порядке и на условиях, установленных Договором о предоставлении кредита, без удержания неустойки или иных видов штрафных санкций.

<p>7.1.3. Кредитті ұсыну туралы шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қарыз алушыға осы Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша ақшаны өтеу есебіне кезекті түсетін ақшаны (мерзімі өткен төлемдерді көрсетіп, Кредит, Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді, тұрақсыздық төлемдерінің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомаларына және төлеуге жататын басқа сомаларға) бөлу туралы ақпаратты ұсынуға.</p>	<p>7.1.3. В порядке и сроки, предусмотренные Договором о предоставлении кредита представлять Заемщику информацию о распределении (на сумму Кредита, Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежах, неустойки, штрафа, пени и других подлежащих уплате сумм с указанием просроченных платежей) очередных поступающих денег в счет погашения долга по настоящему Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита.</p>
<p>7.1.4. Кредитті ұсыну туралы шартында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Қарыз алушыға мерзімі өткен төлемдерді көрсетіп, Кредит, Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді, тұрақсыздық төлемдерінің, айыппұлдардың, өсімпұлдардың сомаларына және төлеуге жататын басқа сомаларға бөліп, қайтаруға тиесілі сомалардың мөлшері туралы мәліметтерді ұсынуға.</p>	<p>7.1.4. В порядке и сроки, предусмотренные Договором о предоставлении кредита предоставлять Заемщику сведения о размере причитающихся к возврату сумм с разбивкой на сумму Кредита, Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежах, неустойки, штрафов, пени и других подлежащих уплате сумм с указанием просроченных платежей.</p>
<p>7.1.5. Қарыз алушының өз міндеттемелерінің орындамауының салдарларын көрсете отырып, Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындаудың мерзімі өтуі және төлемдерді енгізу қажеттілігі туралы мерзімі өткен күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде артынан жазбаша ескертуді жібере отырып, Қарыз алушыны ауызша ескертуге.</p>	<p>7.1.5. Устно уведомлять Заемщика в течение 10 (десяти) календарных дней с даты возникновения просрочки о просрочке исполнения обязательства и необходимости внесения платежей по Договору о предоставлении кредита с указанием последствий невыполнения Заемщиком своих обязательств с последующим направлением письменного уведомления.</p>
<p>7.1.6. Қарыз алушының жазбаша өтінішін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарап, жазбаша жауап дайындауға.</p>	<p>7.1.6. Рассмотреть и подготовить письменный ответ на письменное обращение Заемщика в порядке и сроки, установленные действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>7.1.7. Күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Қарыз алушыны (оның уәкілетті өкілін) осы Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша құқықтарын (талаптарын) табыстайтыны туралы ескертуге.</p>	<p>7.1.7. В течение 3 (трех) календарных дней уведомлять Заемщика (его уполномоченного представителя) об уступке прав (требований) по настоящему Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита.</p>
<p>7.1.8. Банктік қарыз шартына және Кредитті ұсыну туралы шартына қызмет көрсету кезеңінде, Банк Қарыз алушының сұрауы бойынша (банк құпиясын жария етуге қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып) сұрауды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған мыналар туралы</p>	<p>7.1.8. В период обслуживания Договора банковского займа и Договора о предоставлении кредита Банк по запросу Заемщика (с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан к разглашению банковской тайны) в течение 3 (трех) рабочих дней со дня получения запроса предоставляет ему в письменной</p>

<p>мәліметтерді жазбаша түрде ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Банкке төленген ақшаның сомасы; 2) мерзімі өткен берешектің мөлшері (болған жағдайда); 3) Кредит бойынша борыштың қалдығы; 4) кезекті төлемдердің мөлшерлері мен мерзімдері; 5) кредиттеу лимиті (болған жағдайда). 	<p>форме сведения о (об):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сумме денег, выплаченных Банку; 2) размеру просроченной задолженности (при наличии); 3) остатке долга по Кредиту; 4) размерах и сроках очередных платежей; 5) лимите кредитования (при наличии).
<p>7.1.9. Қарыз алушы және/немесе Кепіл беруші өтініш білдірген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттеме мөлшерінен асатын бір немесе бірнеше Қамтамасыз етуге (кепіл/кепілдеме заты) қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген жағдайда және шарттарды сақтай отырып, Қамтамасыз ету туралы Шартты (шарттарды) бұзу (өзгерту) бойынша шаралар қолдануға.</p>	<p>7.1.9. В течение 10 (десяти) рабочих дней с даты обращения Заемщика и/или Залогодателя принять меры по расторжению (изменению) Договора (-ов) об Обеспечении одного или нескольких Обеспечений (предметов залога/заклада), в части, превышающей размер обязательства Заемщика по Договору, в случаях и с соблюдением требований, установленных действующим законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>7.1.10. Қарыз алушыны Шартта көзделген тәртіпте Шарттың талаптары жақсарту жағына қарай өзгеруі туралы хабарлауға.</p>	<p>7.1.10. Уведомить Заемщика об изменении условий Договора в сторону их улучшения в порядке, предусмотренном Договором.</p>
<p><u>7.2. Қарыз алушы міндеттенеді:</u></p>	<p><u>7.2. Заемщик обязуется:</u></p>
<p>7.2.1. Кредитті алуға, оны мақсатты арналымы бойынша пайдалануға және Банкке қайтаруға, сондай-ақ Кредитті пайдалағаны үшін Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді және осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында белгіленген тәртіппен, талаптарда және мерзімдерде басқа төлемдерді төлеуге.</p>	<p>7.2.1. Принять Кредит, использовать его по целевому назначению и вернуть Банку, а также уплатить Вознаграждение за пользование Кредитом, комиссии (в случае взимания) и иные платежи в порядке, на условиях и в сроки, установленные настоящим Договором банковского займа и Договором о предоставлении кредита.</p>
<p>7.2.2. Шұғыл түрде 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкті Қамтамасыз ету шарты бойынша міндеттемелерін, Кредитті уақтылы қайтаруға және ол бойынша Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді төлеуге әсер ете алатын, мүлкті мемлекеттік мұқтаждықтар үшін болжалды тәркілеу, мемлекеттің өз меншігіне алу, қолданудан алу (сатып алу) туралы; Қарыз алушының/Кепілгердің (болған жағдайда) мүлкіне және/немесе кез келген банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге кредиттік ұйымдарда) банктік шоттарда болған ақшасына тыйым салу туралы; Қарыз алушының/Кепілгердің (болған жағдайда)</p>	<p>7.2.2. Незамедлительно в течение 1 (одного) рабочего дня извещать Банк обо всех известных ему обстоятельствах, способных повлиять на своевременный возврат Кредита и уплату Вознаграждения по нему, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, обязательств по Договору обеспечения, включая, но, не ограничиваясь: о предполагаемой конфискации, реквизиции, изъятии (выкупе) для государственных нужд имущества; о наложении арестов на имущество Заемщика /Гаранта (при наличии)/Залогодателя и/или деньги, находящиеся на банковских счетах в любых банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и</p>

<p>қатысуымен мүлiктiк және мүлiктiк емес сипатты даулар бойынша соттағы қараулар туралы; осы Банктік қарыз шартының және Кредитті ұсыну туралы шарттың және/немесе Қамтамасыз ету шартының (болған жағдайда) заңдылығымен біреудің келіспеуі туралы; Қарыз алушының/Кепілгердің (болған жағдайда) мүлкінің құрамы кез келген өзгеруі, бұндай мүлктің нашарлауы немесе нашарлау қауіп-қатерінің туындауы, сондай-ақ денсаулығының нашарлауы туралы жағдайларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, барлық белгілі болған жағдайлар туралы хабарлауға.</p>	<p>иных кредитных организациях); о разбирательствах в судах с участием Заемщика /Гаранта (при наличии)/Залогодателя по спорам имущественного и неимущественного характера; об оспаривании кем-либо действительности настоящего Договора банковского займа и Договора о предоставлении кредита и/или Договора обеспечения (при наличии); о любом изменении в составе имущества Заемщика /Гаранта (при наличии)/Залогодателя, ухудшении или возникновении угрозы ухудшения такого имущества, а также ухудшении здоровья.</p>
<p>7.2.3. Банктің алдын ала жазабаша келісімінсіз: үшінші тұлғалармен кепіл шартын, қарыз шартын жасауды (кредиттерді алуға және үшінші тұлғаларға кредиттерді беруге), олар Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындауға кедергі жасауы мүмкін, өзге ақшалай міндеттемелерде қатысуды; үшінші тұлғаның пайдасына кепілдікті, кепілгерлікті ұсынуды; мүлікке, ерекше құқықтарына, болашақтағы кірістеріне ауыртпалық түсіруді және/немесе иеліктен шағаруды, сондай-ақ 1 000 000 (бір миллион) теңгеден артық сомаға мүлiктi, заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы акциялар мен үлестерді сатып алуды; үшінші тұлғалардың алдындағы қандай болса да міндеттемелерін қайта құрылымдауды немесе үшінші тұлғалардың алдындағы міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды жүзеге асыруды жүргізбеуге.</p>	<p>7.2.3. Не производить без предварительного письменного согласия Банка: заключение с третьим лицом договора залога, договора займа (получать кредиты и выдавать кредиты третьим лицам), участие в иных денежных обязательствах, которые могут воспрепятствовать исполнению Заемщиком обязательств по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита; предоставление в пользу третьего лица гарантии, поручительства; обременение и/или отчуждение имущества, исключительных прав, будущих доходов, а также приобретение имущества на сумму свыше 1 000 000 (одного миллиона) тенге, акций или доли в уставном капитале юридического лица; осуществление реструктуризации какого-либо обязательства перед третьим лицом или досрочное выполнение обязательства перед третьим лицом.</p>
<p>7.2.4. Уақытылы, 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкті жазбаша түрде: Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде банктерде (банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге кредиттік ұйымдарда) Қарыз алушының банктік шоттарын ашу туралы (бұндай шоттың нөмірі мен банктің атауын хабарлап); жаңа деректемелер мен мәліметтерді хабарлап, өз тегінің, атының, пошта және банктік деректемелерінің, соның ішінде электрондық пошта деректемелерінің, телефон, соның ішінде ұялы телефонның және факстің, жеке басын куәландыратын</p>	<p>7.2.4. Своевременно, в течение 1 (одного) рабочего дня извещать Банк в письменном виде: об открытии Заемщиком банковских счетов в банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях) на территории Республики Казахстан и за ее пределами (с сообщением номера такого счета и наименования банка); об изменении своих фамилии, имени, почтовых и банковских реквизитов, в том числе реквизитов электронной почты, телефона, в том числе мобильного телефона и факса, данных документов,</p>

<p>құжат деректемелерінің, жұмыс орнының, жалақысының, отбасылық жағдайының, отбасы құрамының, нақты тұру мекен-жайының, тіркеуінің өзгеруі туралы хабардар етуге.</p>	<p>удостоверяющих личность, места работы, заработной платы, семейного положения, состава семьи, адреса фактического проживания, прописки, с сообщением новых реквизитов и сведений.</p>
<p>7.2.5. Банктің талабы бойынша Банкпен, соның ішінде Кепілгерді қоса алып, үшінші тұлғалармен көрсетілген мерзімде Қамтамасыз ету туралы шарттың тиісті рәсімделуін (жасалуын) қамтамасыз етуге, сондай-ақ Қарыз алушы Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша Банк Қамтамасыз етудің құнының, сенімділігінің төмендеуін және жойылуын анықтаған немесе міндеттемелерін орындамаған немесе тиіссіз орындаған немесе Кредитті уақытылы қайтаруға және ол бойынша Сыйақыны, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді төлеуге әсер етуге қабілетті жағдайлар болған жағдайда, қамтамасыз етуге ұсынылатын мүлікке тәуелсіз бағалауды, сақтандыруды, сондай-ақ қамтамасыз етуге ұсынылатын мүліктің тиісті кепіл шарттарын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарында тіркеуді өз есебі арқылы жүзеге асыруды қоса алып, Банкті қанағаттандыратын Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және Қамтамасыз ету шарты бойынша міндеттемелерін толық жабатын қамтамасыз етуді ұсынуға.</p>	<p>7.2.5. По требованию Банка в указанный Банком срок обеспечить надлежащее оформление (заключение) Договора об обеспечении, в том числе третьими лицами, включая Гаранта, а также предоставить устраивающее Банк обеспечение, полностью покрывающее обязательства Заемщика по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита, в случае определения Банком снижения стоимости, надежности или утраты Обеспечения или неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств Заемщика по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита или наличия обстоятельств, способных повлиять на своевременный возврат Кредита и уплату Вознаграждения по нему, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, обязательств по Договору обеспечения, включая осуществление за свой счет независимой оценки, страхования имущества, предоставляемого в обеспечение, а также регистрации соответствующих договоров залога имущества, предоставляемого в обеспечение, в уполномоченных государственных органах в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p>
<p>7.2.6. Кредитті оның мақсаты арналымына сәйкес пайдалануға;</p>	<p>7.2.6. Использовать Кредит в соответствии с его целевым назначением;</p>
<p>7.2.7. Егер Кредитті ұсыну туралы шартты жасағаннан кейін, Банкте Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын бұзуы/бұзуы мүмкін туралы ақпарат пайда болған не Қарыз алушы/Кепілгер (болған кезде) мыналармен байланысты болған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Банкпен ерекше қатынастар арқылы, және/немесе, - Банктің қарыз алушыларының тобымен, оларға тәуекел мөлшері Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланыспаған бір қарыз алушыға сияқты есептеледі, және/немесе 	<p>7.2.7. В случае если после заключения Договора о предоставлении кредита у Банка появится информация о том, что Банк нарушает/может нарушить требования действующего законодательства Республики Казахстан либо Заемщик/Гарант (при наличии) (согласно нормативным правовым актам уполномоченного органа) связан:</p> <ul style="list-style-type: none"> - с Банком особыми отношениями, и/или, - с группой заемщиков Банка, размер риска на которых рассчитывается как на одного заемщика, не связанного с Банком особыми отношениями, и/или

<p>- Банктің қарыз алушыларының тобымен, оларға тәуекел мөлшері Банкімен ерекше қатынастар арқылы байланысқан бір қарыз алушыға сияқты есептеледі, онда Қарыз алушы Банкпен белгіленген мерзімде мыналарды орындауға міндетті:</p> <p>(а) Банкпен келісілген қамтамасыз етуді ұсынуға немесе Банкпен көрсетілген мөлшеріне дейін Банк талаптарының бөлігін орындауға және/немесе (б) Қарыз алушының қаржылық жағдайын «қанағаттанарлықтан» төмен емес Банкімен жіктеу үшін қажетті әрекеттерді жасауға (уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес), сондай-ақ, егер жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгені Банкке айыппұл салуға әкеліп соқтырса – Банктің талабы бойынша бес күндік мерзімде бұндай айыппұлдарды төлеумен байланысты, шығыстардың орнын толтыруға.</p>	<p>- с группой заемщиков Банка, размер риска на которых рассчитывается как на одного заемщика, связанного с Банком особыми отношениями, то в указанный Банком срок Заёмщик обязан:</p> <p>(а) предоставить обеспечение, согласованное с Банком, или исполнить часть требований Банка до размера, указанного Банком и/или (б) совершить действия, необходимые для классификации Банком финансового положения Заемщика не ниже, чем «удовлетворительное» (в соответствии с нормативными правовыми актами уполномоченного органа), а также, если любое из вышеуказанных обстоятельств приведет к наложению на Банк штрафов, - по требованию Банка возместить в пятидневный срок расходы, связанные с уплатой таких штрафов.</p>
<p>7.2.8. Егер Банктің талабында өзге мерзім көрсетілмесе, Банктің талабын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей Кредит, тиесілі Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) және өзге төлемдер осы Банктік қарыз шартының және Кредитті ұсыну туралы шартының талаптарын орындамағаны немесе тиіссіз орындағаны үшін тұрақсыздық төлемнің, комиссиялар сомаларын және осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген Қарыз алушыдан тиесілі сомаларды төлеу бойынша бар мерзімі өткен берешекті өтеуге.</p>	<p>7.2.8. Не позднее 5 (пяти) рабочих дней с даты предъявления требования Банка, если иной срок не указан в требовании Банка, погасить имеющуюся просроченную задолженность по оплате суммы Кредита, причитающегося Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иные платежи, неустойки за неисполнение или ненадлежащее исполнение условий настоящего Договора банковского займа и Договора о предоставлении кредита.</p>
<p>7.2.9. Осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген негіздер бойынша Кредиттің барлық қалған сомасын толық көлемінде мерзімінен бұрын қайтару және есептелген Сыйақыны комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді төлеу бойынша Банктің талабын ұсынған жағдайда, Қарыз алушы Банктің бұндай талабын ұсынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, мыналар кіретін, берешектің қалған бөлігін қайтаруға міндетті: Кредит сомасы бойынша берешек, тиесілі Сыйақы, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді осы Шарт талаптарын орындамағаны немесе тиіссіз</p>	<p>7.2.9. В случае предъявления Банком требования по досрочному возврату в полном объеме всей оставшейся суммы Кредита и уплаты начисленного Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иные платежи, по основаниям, предусмотренным настоящим Договором и Договором о предоставлении кредита, Заемщик обязан не позднее 5 (пяти) рабочих дней, с даты предъявления такого требования Банка, если иной срок не указан в требовании Банка, вернуть оставшуюся часть задолженности, включающую в себя: задолженность по сумме Кредита, причитающееся Вознаграждение, комиссии (в случае взимания) и иные платежи,</p>

<p>орындағаны үшін тұрақсыздық төлемі, комиссиялар (алынатын жағдайда) және Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген, Қарыз алушыдан тиесілі басқа сомалар.</p>	<p>неустойку за неисполнение или ненадлежащее исполнение условий настоящего Договора, комиссии (в случае взимания) и другие причитающиеся с Заемщика суммы, предусмотренные настоящим Договором банковского займа и Договором о предоставлении кредита.</p>
<p>7.2.10. Банктің қызметтері үшін комиссияларды (алынатын жағдайда) және Банктің шығыстарын төлеуді, сондай-ақ үшінші тұлғалардың қызметтері үшін (Қарыз алушының Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиіссіз орындаған жағдайда), сондай-ақ Қарыз алушыдан Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу процесінде Банкте туындайтын, кез келген басқа шығындарды төлеуді Банктің белгіленген тарифтеріне сәйкес, Банктің талабын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізуге.</p>	<p>7.2.10. Производить оплату комиссий за услуги Банка (в случае взимания) и расходы Банка согласно установленным тарифам Банка, а также оплату услуг третьих лиц (в случае невыполнения и/или ненадлежащего выполнения Заемщиком обязательств по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита), а также любые другие убытки, возникшие у Банка в процессе взыскания с Заемщика задолженности по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита в течение 5 (пяти) рабочих дней с даты получения требования Банка.</p>
<p>7.2.11. Кредитті ұсыну туралы шартты жасау күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кеш емес мерзімде Банкке, егер Кредит сомасы Кредитті ұсыну туралы шартын жасау күніне Банктің меншік капиталының 0,02 пайызына артқан жағдайда, Кредиттің нысаналы пайдалануын растайтын құжаттарды ұсынуға.</p>	<p>7.2.11. В срок не позднее 30 (тридцати) рабочих дней с даты заключения Договора о предоставлении кредита предоставить в Банк документы, подтверждающие целевое использование Кредита, в случае если сумма Кредита превышает 0,02 процента от собственного капитала Банка на дату заключения Договора о предоставлении кредита.</p>
<p>7.2.12. Банкпен көрсетілген мерзімде онымен Банктік қарыз шартының және Кредитті ұсыну туралы шартының талаптарына сәйкес жасалған, Банктің кез келген талаптарын Қарыз алушы мен Қосалқы қарыз алушы (болған кезде), Кепілгер (болған кезде) үшін бірге (ортақ), кез келгені үшін жеке, әрі толық әрі ішінара орындауға.</p>	<p>7.2.12. Исполнять в указанный Банком срок любые требования Банка, совершенные им в соответствии с условиями Договора банковского займа и Договора о предоставлении кредита, как совместно (солидарно) за Заемщика и Созаемщика (при наличии), Гаранта (при наличии), так и в отдельности, причем как полностью, так и в части.</p>
<p>7.2.13. Қосалқы қарыз алушыны тартқан жағдайда, Қарыз алушы және Қосалқы қарыз алушы Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша ақшалай міндеттемелерді бір бірі үшін орындауға міндетті.</p>	<p>7.2.13. При привлечении Созаемщика, Заемщик и Созаемщик обязаны исполнять друг за друга денежные обязательства по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита.</p>
<p>7.2.14. Қамтамасыз ету туралы және Банктің қарыз алушыға қоятын талаптарын қамтамасыз ететін өзге Шарттарының талаптарын, сонымен қатар Қазақстан Республикасының қолданыстағы</p>	<p>7.2.14. Соблюдать условия Договоров об обеспечении и иных договоров, обеспечивающих требования Банка к Заемщику, а также правила распоряжения Обеспечением, правила о последующем</p>

заңнамасымен қарастырылған Қамтамасыз етуге билік ету туралы ережені, кейіннен кепілге қою туралы ережелерді сақтауға.	залоге, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан.
7.2.15. Мониторинг жүргізген кезде ықпалдасуға, Қамтамасыз етудің жағдайын және сақталуын тексеру үшін Банк қызметкерлерін және/немесе Банк өкілдерін жіберуге.	7.2.15. Допускать работников и/или представителей Банка для проверки состояния и сохранности Обеспечения, оказывать содействие при проведении мониторинга.
7.2.16. Осы Шарт және Кредитті ұсыну туралы шарт әрекет ететін бүкіл мерзімге Банктің пайдасына Кепіл берушінің өз есебінен / Қарыз алушы есебінен Банктің пікірінше қажетті деп саналатын, пайда алушы ретінде Банкті, немесе Банк нұсқаған басқа тұлғаны көрсете отырып, сақтандыру жасауға немесе оның жасалуын қамтамасыз етуге (өмірді және/немесе денсаулықты сақтандырудан өзге) және/немесе жасалған сақтандыру шарттарын Кепіл берушінің жыл сайын ұзартуын жүзеге асыруға және/немесе қамтамасыз етуге және Банкке жасалған шарттардың түпнұсқасын тапсыруға, Кредитті ұсыну туралы шарттың талаптарына сәйкес сақтандыруды Банк жүзеге асырғаннан өзге жағдайларда. Бұл ретте Банктің Қарыз алушыны/Кепіл берушіні сақтандыру ұйымын таңдауын шектеуге құқығы жоқ.	7.2.16. Осуществить либо обеспечить осуществление Залогодателем страхования (за исключением страхования жизни и/или здоровья), необходимого, по мнению Банка, на весь срок действия настоящего Договора и Договора о предоставлении кредита, в пользу Банка за свой счет/за счет Залогодателя, с указанием в качестве выгодоприобретателя Банка, либо иное лицо, указанное Банком, и/или осуществлять/обеспечить осуществление Залогодателем ежегодной пролонгации заключенных договоров страхования с предоставлением Банку оригиналов заключенных договоров страхования, за исключением случаев, когда страхование осуществляется Банком в соответствии с условиями Договора о предоставлении кредита. При этом, Банк не вправе ограничивать Заемщика/Залогодателя в выборе страховой организации;
7.2.17. Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген өзге міндеттерді орындауға міндеттенеді.	7.2.17. Исполнять иные обязанности, предусмотренные Договором о предоставлении кредита
8. БАНК ҮШІН ШЕКТЕУЛЕР 8.1. Банк үшін шектеулер Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген.	8. ОГРАНИЧЕНИЯ ДЛЯ БАНКА 8.1. Ограничения для Банка предусмотрены Договором о предоставлении кредита.
9. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ	9. ПОРЯДОК РАСЧЕТОВ
9.1. Кредитті ұсыну туралы шартында көрсетілген Банкте ашылған Қарыз алушының ағымдағы шотына есепке алу күні Кредитті беру күні болып табылады.	9.1. Датой выдачи Кредита является дата зачисления денег на текущий счет Заемщика открытый в Банке, указанный в Договоре о предоставлении кредита.
9.2. Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт бойынша Банктің пайдасына барлық төлемдер Қарыз алушымен Банк аталған Шарттар бойынша оған тиесілі соманы одан соңынан комиссияларды және Қарыз алушымен уақтылы төленбеген өзге ақшаны ұстап қалуды шегерусіз, толық көлемінде алатындай жүзеге асырылуы тиіс.	9.2. Все платежи в пользу Банка по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита должны быть осуществлены Заемщиком таким образом, чтобы Банк получил причитающуюся ему по указанным Договорам сумму в полном объеме, без вычета из нее впоследствии комиссии и иных удержаний, своевременно не оплаченных Заемщиком.
9.3. Банктік қарыз шарты және Кредитті ұсыну туралы шарт және/немесе	9.3. Изъятие Банком в безакцептном и беспспорном порядке в любой валюте всех

<p>Қамтамасыз ету шарты бойынша төлеуге жататын барлық соманы, соның ішінде Қарыз алушының/Кепілгердің (болған кезде) берешегін кез келген валютада акцептсіз және даусыз тәртіпте Банкпен қолданудан алу мынылар арқылы жүзеге асырылады:</p>	<p>сумм, подлежащих оплате по Договору банковского займа и Договору о предоставлении кредита и/или Договору обеспечения, в том числе задолженности Заемщика/Гаранта (при наличии) осуществляется:</p>
<p>а) Банктің өкімінің және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және/немесе Банктің ішкі құжаттарында көзделген басқа құжаттардың негізінде, Қарыз алушының/Кепілгердің (болған кезде) банктік шоттарын тура дебеттеу арқылы, және/немесе</p>	<p>а) путем прямого дебетования банковских счетов Заемщика/Гаранта (при наличии) в Банке на основании распоряжений Банка и/или других документов, предусмотренных действующим законодательством Республики Казахстан и/или внутренними документами Банка, и/или</p>
<p>б) Банкте және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде кез келген басқа банктерде (банк операцияларының жекелеген түрін жүзеге асыратын ұйымдарда және өзге кредиттік ұйымдарда) ашылған, Қарыз алушының/Кепілгердің (болған кезде) банктік шоттарына акцептсіз тәртіпте орындалатын төлем талап-тапсырмаларды немесе ақшаны акцептсіз және/немесе даусыз қолданудан алу үшін қажетті өзге құжаттарды ұсыну арқылы.</p>	<p>б) путем предъявления к банковским счетам Заемщика/Гаранта (при наличии), открытым в Банке и/или любых других банках (организациях, осуществляющих отдельные виды банковских операций, и иных кредитных организациях) на территории Республики Казахстан и за ее пределами, исполняемых в безакцептном порядке платежных требований-поручений или иных документов, необходимых для осуществления безакцептного и/или бесспорного изъятия денег.</p>
<p>Қарыз алушының/Кепілгердің (болған жағдайда) банктік шотында ақша жеткілікті болған кезде, Банктің төлем құжаты (соның ішінде төлем талап-тапсырмасы) онда көрсетілген ақшаның сомасына орындалуы тиіс, ал Банктің төлем құжатында көрсетілген ақшаның барлық сомасын қолданудан алу (шығынға жазу) үшін (ақша жеткіліксіз болған жағдайда), Қарыз алушының /Кепілгердің (болған жағдайда) банктік шотының картотекасында сақталады.</p> <p>Өзге валютада (Кредит валютасына қарағанда) ақшаны акцептсіз қолданудан алған жағдайда, қолданудан алынған валютаны Кредит валютасына немесе теңгеге айырбастау валюталық заңнаманың талаптарына сәйкес – Банктің таңдауы бойынша – қолданудан алынған валютаны немесе Кредит валютасын Банкпен белгінеген сату немесе сатып алу бағамы бойынша және/немесе Банк тарифтерімен белгіленген, айырбастауды жүргізу үшін комиссиялардың сомаларын айырбасталатын ақшадан өндіріп алып, Кредит валютасына</p>	<p>При достаточности денег на банковском счете Заемщика /Гаранта (при наличии) платежный документ Банка (в т.ч. платежное требование-поручение) должен быть исполнен на сумму денег, указанную в нем, а для изъятия (списания) всей суммы денег, указанной в платежном документе Банка (в случае недостаточности денег) храниться в картотеке к банковскому счету Заемщика /Гаранта (при наличии).</p> <p>В случае безакцептного изъятия денег в иной (чем валюта Кредита) валюте, конвертирование изъятых денег в валюту Кредита или в тенге в соответствии с требованиями валютного законодательства производится – по выбору Банка - по установленному Банком курсу продажи или покупки изъятной валюты или валюты Кредита и/или по устанавливаемому Банком курсу изъятной валюты к валюте Кредита, с взиманием из конвертируемых денег сумм комиссии за проведение конвертации, установленной тарифами Банка.</p>

қолданудан алынған валютаның Банкпен белгіленген бағамы бойынша жүргізіледі.	
9.4. Айыппұл санкцияларын есептеу және ұсыну Тараптардың міндеттері емес, ал құқықтары болып табылады және егер олар ұсынылмаса, онда есептеуге және төлеуге жатпайды.	9.4. Начисление и предъявление штрафных санкций является правом, а не обязанностью Сторон, и если они не предъявлялись, то к начислению и оплате не подлежат.
9.5. Сыйақы сомасы Кредит сомасын Қарыз алушымен пайдаланылған күнтізбелік күндердің нақты саны үшін бір жылдағы (365/366) нақты күндердің есебінен есептеледі. Сонымен Кредит беру және өтеу күні 1 (бір) күнтізбелік күн болып есептеледі.	9.5. Сумма Вознаграждения начисляется из расчета фактических дней в году (365/366) за фактическое количество календарных дней использования Заемщиком суммы Кредита. При этом день выдачи и погашения Кредита принимается за 1 (один) календарный день.
9.6. Егер Кредитті, Сыйақыны комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді, Кредит бойынша берешекті төлеу мерзімі жұмыс емес күнге келсе, онда берешекті өтеуге Клиентпен ақшаны аудару келесі жұмыс күні жүргізіледі. Төлемдердің мерзімдерін бұлай ауыстыру Сыйақыны, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді, сондай-ақ Қарыз алушы жұмыс емес күннен кейінгі жұмыс күні Кредитті немесе Сыйақыны, комиссиялар (алынатын жағдайда) мен өзге төлемдерді өтеуді жасамаған жағдайда – осы Банктік қарыз шартында және Кредитті ұсыну туралы шартында көзделген мөлшерлемелер бойынша тұрақсыздық төлемдерін (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептеген кезде назарға алынбайды.	9.6. Если срок оплаты Кредита, Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, суммы задолженности по Кредиту выпадает на нерабочий день, то перечисление денег Клиентом в погашение задолженности производится на следующий рабочий день. Такой перенос сроков платежа не будет приниматься во внимание при начислении Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иные платежи, а также, в случае не совершения Заемщиком погашения Кредита или Вознаграждения, комиссии (в случае взимания) и иных платежей, в следующий после нерабочего рабочий день – неустойки (штрафов, пени) по ставкам, предусмотренным настоящим Договором банковского займа и Договором о предоставлении кредита.
9.7. Осы Шарт пен Кредитті ұсыну туралы шартта және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптары қарастырылған жағдайларда, сонымен қатар келесі жағдайларда Банк есептелген Сыйақысымен, комиссияларымен, тұрақсыздықтарымен және осы Шарт пен Кредитті ұсыну туралы шарттың талаптарына сәйкес төленуі тиіс өзге сомалармен бірге Кредиттің бүкіл сомасын толық көлемде мерзімінен бұрын өндіруді талап етуге құқылы. 9.7.1. Қарыз алушы Өтеу кестесіне сәйкес белгіленген Кредиттің кезекті бөлігін қайтару және (немесе) Сыйақыны, қарызға қызмет көрсеткені үшін комиссияны 40 (қырық) күнтізбелік күнінен артық бұзған жағдайда;	9.7. Банк вправе досрочно предъявить ко взысканию в полном объеме сумму Кредита вместе с начисленным Вознаграждением, комиссиями, неустойкой и иными суммами, причитающимися с Заемщика в соответствии с условиями настоящего Договора и Договора о предоставлении кредита, в случаях предусмотренных настоящим Договором и/или Договором о предоставлении кредита и/или требованиями законодательства Республики Казахстан, а также в следующих случаях: 9.7.1. нарушения Заемщиком срока, установленного согласно Графику погашения для возврата очередной части Кредита и (или) выплаты Вознаграждения, комиссии за обслуживание займа, более чем на 40 (сорок)

